ATYRAU UNIVERSITY

# «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетіндегі Постдокторантура бағдарламасының пайдалы тұстары»

***Спикер:***
*Батрышев Д.Г.*
*Ғылым және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор*

***Постдокторантура*** – ЖОО-нан кейінгі білім беру нысаны, ол мамандандырылған тақырып бойынша ғылыми және қолданбалы міндеттерді шешуге бағытталған, түсу сәтінде кемінде 6 (алты) жыл ішінде PhD докторы дәрежесін алған немесе оған теңестірілген ғалымдар жүзеге асыратын ғылыми зерттеу іс – шараларының кешені болып табылады.

***Постдокторант (постдок)*** – постдокторантураға қабылданған тұлға.

***Постдокторантура бағдарламасының қызметі***

- Постдок жұмысының жеке жоспарына сәйкес ғылыми – зерттеу жұмысы;
- Аралық және қорытынды аттестация;

# *Үміткерлердің құжаттарын қабылдау тәртібі*

**Постдокторантураға қабылданады**

*PhD дәрежесі бар немесе оған теңестірілген тұлғалар;*

*Соңғы 6 жыл ішінде диссертация қорғаған үміткерлер;*

*Ғылыми – зерттеу жұмысымен белсенді айналысушылар;*

*Жасы 40 жастан аспауы тиіс;*

# Постдокторантура конкурсына қажетті құжаттар

1. Басқарма төрағасы – Ректордың атына өтініш,
2. Жеке куәлік көшірмесі;
3. PhD докторы дипломының көшірмесі;
4. Ғылыми жұмыстарының тізімі;
5. Scopus деректер базасынан автор туралы мәлімметтер және/н.е Clarivate Analytics (Web of Science Core Collection) ақпараттық компаниясының деректер базасынан дәйексөз келтіру бойынша есеп. Автор туралы мәліметтер мен дәйексөз бойынша келесі ақпаратты қамтуы тиіс:

- *жарияланымдар саны;*
- *Хирша индексі (h-index);*
- *дәйексөздердің жиынтық (жалпы) саны;*

6. Патент, авторлық куәліктердің көшірмесі (бар болған жағдайда);
7. Кафедра/институт/орталық/зертханадан «постдокторант» позициясын ашу қажеттілігін және постдокторант өзінің ғылыми қызметін жүзеге асыратын жобалардың бар болуын негіздейтін өтінім;
8. Кафедра/институт/орталық/зертханадан өтініш беруші тұлғаны постдокторантураға қабылдау туралы ұсыныс (қолдаухат);
9. Үміткердің ғылыми қызығушылықтары мен постдокторантураға түсу мақсаттарының жоспар – негіздемесі (personal statement).

# *Постдокторантура бағдарламасының іске асырылуы*

| Бағдарлама мақсаты | Жүзеге асыру мерзімі | Бағдарлама талаптары |
|---|---|---|
| Жоғары білікті кадрларды дайындау мен олардың сабақтастығын қамтамасыз ету | 3 жылдан<br>5 жылға дейін | ▪ Жылдық аттестация<br>▪ Отандық н/е шетелдік консультант тағайындалуы |

## *Бағдарламаның өту ережесі*

- Scopus және WOS базасындағы журналдарда жарияланым
- H-index: 3 (жаратылыстану – ғылыми мамандықтар)
  1 (әлеуметтік – гуманитарлық мамандықтар)
- Кемінде 2 (екі) халықаралық конференцияға қатысу

# *Бағдарламаны іске асырудағы мүмкіндіктер*

Педагогикалық қызметпен айналысуға құқылы
**≤ 0,5** үстемақы және жүктеме көлемі **≤ 5 ECTS**

Дипломдық жұмыс, магистрлік және докторлық диссертацияларға жетекшілік ету

Ай сайынғы стипендия

Ғылыми жұмыстарды гранттық қаржыландыру конкурстарына қатысу

30 күндік демалыс

# *Постдокторанттың жеке жұмыс жоспарларын бекіту*

Постдокторант қабылданған күннен бастап 1 (бір) ай ішінде постдокторанттың жеке жұмыс жоспарын (бұдан әрі – ПЖЖЖ) әзірлейді, ол келесі бөлімдерді қамтиды:

Ғылыми – зерттеу/эксперимент алды – зерттеу жұмыстарының жеке жоспары

Clarivate Analytics (Web of Science) және Scopus базаларында индекстелген халықаралық ғылыми журналдардағы жарияланымдар жоспары

Шетелдік іс-сапарлар жоспары (конференцияға қатысу)

# *Конкурсты өткізу тәртібі мен өлшемдері*

Конкурсты өткізу үшін университет Басқарма Төрағасы – Ректорының бұйрығымен ***<u>Сараптау комиссиясы</u>*** құрылады, оның құрамына құрылымдық бөлімшелердің басшылары мен қызметкерлері және университеттің жетекші ғалымдары кіреді.



# *Аралық және қорытынды аттестацияның талаптары*

Постдокторанттың ҒЗЖ нәтижелерін аралық аттестаттау жыл сайын Ғылым департаменті қызметкерлерінің міндетті қатысуымен бөлімшелердің отырысында өткізіледі және бұл постдокторант Clarivate Analytics (Web of Science Core Collection) базасының нөлдік емес импакт-факторы бар және Scopus базасында үшінші квартилінен (Q3) төмен емес индекстелетін журналдарда **бірінші жылдың нәтижелері бойынша кемінде 2 (екі) мақала, екінші жылдың нәтижесі бойынша 2 (екі), үшінші жылдың нәтижелері бойынша 3 мақала** дайындаған жағдайда жүзеге асырылады. Егер мақала жарияланған журнал Scopus және Web of Science деректер қорының **1-ші квартиліне кірген жағдайда, бір мақала екеу болып есептеледі.**

**Постдокторантура кезеңінде Х.Досмұхамедов атындағы АУ аффиляциясын көрсету міндетті болып табылады.**

# *Аралық және қорытынды аттестацияның талаптары*

Постдокторантты қорытынды аттестаттау постдокторантураға қабылданған сәттен бастап үшінші жылдың соңында бөлімшелер отырысында Ғылым департаменті қызеткерлерінің міндетті түрде қатысуымен өткізіледі және ол ғылыми баяндамамен көпшілік алдында сөз сөйлеуді және Clarivate Analytics (Web of Science Core Collection) деректер базасы бойынша нөлдік емес импакт – факторы бар және Scopus деректер базасында индекстелетін халықаралық ғылыми журналдарда ғылыми жарияланымдар бойынша есеп беруді қамтиды.

*Постдоктoранттардың қорытынды ғылыми баяндамасымен сөз сөйлеуі келесі жағдайда жүзеге асырылады:*

- Clarivate Analytics (Web of Science Core Collection) ақпарттар компаниясының деректер базасы бойынша **нөлдік емес импакт – факторы бар** және Scopus деректер базасында үшінші квартильден **Q3 төмен емес** индекстелетін журналдарда кемінде **7 (жеті)** жарияланым.

# *Постдокторантура бағдарламасы бойынша қаржыландыру тәртібі*

- Постдокторантура бағдарламасын жүзеге асыру саласындағы қызмет университеттің бюджеттен тыс қаражатынан, сондай – ақ, ғылыми – зерттеу және тәжірибелік – конструкторлық жұмыстардың бағдарламалары мен гранттары (бұдан әрі – ҒЗТКЖ) шеңберінде қаржыландырылады.

***Бюджеттен тыс қаржылардың жұмсалуы***

*Х.Досмұхамедов атындағы АУ постдокторанттарына стипендия төлеу*

*Ұзақтығы 7 күнге дейін жылына бір реттен аспайтын шетелдегі халықаралық ғылыми конференцияға қатысуға байланысты шығыстарды жабу*

# *Постдокторантура бағдарламасы бойынша қаржыландыру тәртібі*

***ҒЗТКЖ қаражаты жұмсалады:***

- реактивтермен, ақпарат көздерімен қамтамасыз ету, жабдықтарды пайдалану және т.б.;

- кеңес беру және бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу үшін әлемдік жетекші ғылыми – зерттеу орталықтары мен алыс шетел университеттеріне іс-сапар шығындарын жабу үшін;

***Постдокторант аттестаттау талаптарын орындамау себебінен постдокторантурадан шығарылған жағдайда постдокторантурадан кейінгі кезеңде университет жұмсаған қаражатын университетке өтейді.***

**Өтініш үлгісі**

«Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау университеті» КеАҚ
Басқарма Төрағасы-ректоры
С.Н.Идрисовке

**ТАӘ ____________**
**ЖСН____________**
**жеке куәлік №_________**
**______ берілді**
**__________________ мекен-жайы бойынша тұрамын.**

**Өтініш**

Мен, постдокторант _ _ _ _ ТАӘ (толық)________________________, «Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КЕАҚ-дағы постдокторантура туралы Ережемен толық таныстым. Осы Ереженің талаптарымен келісемін және осы Ереженің нормаларын орындауға міндеттенемін.

Қолы

Күні

ATYRAU UNIVERSITY

## Объявляется прием заявок на программу ПОСТДОКТОРАНТУРЫ!

К участию в конкурсе программы постдокторантуры приглашаются претенденты, имеющие степень доктора философии (PhD) или приравненную к ней и защитившие диссертацию не более чем за последние 6 (шесть) лет на момент поступления в постдокторантуру, имеющие публикации в рецензируемых научных журналах и индекс Хирша (h-index) в базах данных Web of Science и Scopus.

Для участия в Конкурсе необходимо заполнить заявление и подать
до 20 января 2021 года

в департамент науки «НАО Атырауский университет им. Х.Досмухамедова»

Для получения дополнительной информации о постдокторантуре и формы образца заявления вы можете пройти по ссылке:
https://asu.edu.kz/ru/science/conference/postdoctoranture/7878/

*Департамент науки*
*27-63-03*

*Салтанат Кубайдолла*
*8(775) 387-76-94*